В настоящий документ могут быть внесены изменения без предварительного уведомления. Производитель оставляет за собой право вносить изменения в конструкцию и комплектацию изделия без дополнительного уведомления.

Класс энергоэффективности - А;

Вес нетто - 38 кг;

Вес брутто - 42 кг.

Продукция соответствует требованиям технических регламентов Евразийского экономического (Таможенного) союза.

Сертификат соответствия № ЕАЭС RU С-СН.АЯ46.В.21127/21 от 12.08.2021 действует до 11.08.2026.

Декларация о соответствии № ЕАЭС N RU Д-СН.РА03.В.09210/23 от 10.04.2023 действует до 09.04.2028.

Более подробные сведения указаны в Едином реестре выданных сертификатов соответствия и зарегистрированных деклараций о соответствии Евразийского экономического союза.



# МАЗМҰНЫ

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ҚАҒИДАЛАРЫ .....	1
ОРНАТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛАР .....	5
БҰЙЫМНЫҢ ГАБАРИТТЕРІ ЖӘНЕ ӨЛШЕМДЕРІ .....	7
БІРІНШІ ПАЙДАЛАНУ .....	13
ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ .....	15
АСПАЗДЫҚ АНЫҚТАМАЛЫҚ .....	17
КҮТІМ ЖАСАУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ .....	22
АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ .....	34
КЕПІЛДІК ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ .....	36

# ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

Осы тұмшапеш күнделікті тамақ дайындау кезінде қауіпсіз жұмыс істеу үшін мұқият жобаланған. Оны пайдалану кезінде келесі қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұсыныстарды сақтаңыз:



ЕСКЕРТУ!



Электр тогымен зақымдану қаупі  
Шамды ауыстыру алдында, тұмшапешті өшіріп, суытып алыңыз.  
Бұл ұсынысты сақтамау электр тогының соғуына немесе өлімге әкелуі мүмкін.



ЕСКЕРТУ!



Кесу қаупі  
Абайлаңыз, құрылғының өткір жиектері бар.  
Қауіпсіздік ережелерін сақтамау кесуге немесе басқа жарақаттарға әкелуі мүмкін.



ЕСКЕРТУ!



Тұтану қаупі  
Пісіру кезінде алюминий фольганы, ыдыстарды, науаларды, суды немесе мұзды пештің түбіне қоймаңыз - бұл эмальға тұрақты зақым келтіреді. Пештің ішкі қабырғаларын алюминий фольгамен жабу өртке әкелуі мүмкін.  
Құрылғыңызды бөлмені қыздыру немесе жылыту үшін пайдаланбаңыз.  
Бұл күйіп қалуға немесе өртке әкеп соқтыруы мүмкін.  
Құрылғының ішінде немесе оның бетінде сақтау: пештің ішінде немесе оның бетінде тез тұтанғыш материалдарды сақтауға тыйым салынады.  
Бұл ұсыныстарды сақтамау қызып кетуге, күйкке және жарақатқа әкелуі мүмкін.



## ЕСКЕРТУ!

### Ыстық бет

Жұмыс кезінде ашық бөліктер қатты қызып кетуі мүмкін. Күйіп қалмау үшін, балалардың тұмшапешке жақындауына жол бермеңіз.

Тұмшапештің сөрелері немесе ыдыс сияқты ыстық беттермен жұмыс істегенде, қолғап, тұтқыштар немесе басқа қорғаныс құралдарды пайдаланыңыз.

Тұмшапештің есіктерін ашқанда, абай болыңыз.

Тағамды алып шығар алдында немесе ауыстырар алдында, ыстық ауаны немесе буды шығарыңыз.

Қыздыру элементтеріне немесе ішкі беттерге қол тигізбеңіз. Қыздырғыш элементтердің түстері қошқыл болып тұрса да, ыстық болуы мүмкін. Тұмшапештің ішкі беттерінің қатты қызғаны соншалық, күйіп қалуға болады.

Тұмшапешті пайдалану кезінде және одан кейін де, тұмшапеш толық суығанға дейін киімнің немесе басқа жанғыш материалдардың қыздыру элементтерімен немесе тұмшапештің ішкі беттеріне жанасуына жол бермеңіз және қол тигізбеңіз.

Құрылғының басқа беттері де қатты қызып, күйік тудыруы мүмкін. Сондай-ақ тұмшапештің желдеткіш тесіктері, желдеткіш тесіктер жанындағы беттер мен тұмшапештің есігі де қатты қызуы мүмкін.

Осы ұсыныстарды орындамау күйікке және ыстық будың шарпуынан күйіп қалуға әкелуі мүмкін.



## ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ НҰСҚАУЛАР

Тұмшапешті пайдалану кезінде өрт, электр тоғынан зақымдану, персоналдың жарақаттану немесе мүліктің зақымдану қаупін азайту үшін, төменде келтірілген маңызды қауіпсіздік нұсқауларын орындау керек:

- ▶ Тұмшапешті пайдаланар алдында, барлық нұсқаулықтарды толық оқып шығыңыз. Тұмшапешті осы нұсқаулыққа сәйкес нысанды мақсаты бойынша ғана пайдаланыңыз.
- ▶ Дұрыс орнату: құрылғыны тиісті дәрежеде білікті маман орнатуы және жерге қосуы керек.
- ▶ Ажыратқыш: тұмшапеш қуат көзінен толық ажыратуды қамтамасыз ететін ажыратқышы бар желіге қосылуы керек.
- ▶ Тұрмыстық техника балалар ойынына арналмаған.

- ▶ Балаларды тұмшапештің жанында қараусыз қалдырмаңыз. Құрылғы жұмыс істеп тұрған үй-жайда балаларды жалғыз немесе қараусыз қалдыруға болмайды. Балаларға құрылғының кез-келген бөлігінде отыруға немесе тұруға рұқсат бермеңіз.
- ▶ Егер үнемі бақылауда болмаса, 8 жасқа дейінгі балаларды құрылғыға жолатпаңыз. Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар, сондай-ақ физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жетіспейтін адамдар қолдана алады, егер олар бақылауда болса немесе құрылғыны қауіпсіз пайдалану туралы ескертілсе және онымен байланысты қауіптерді түсінсе. Балаларға құрылғыны ересектердің қатысуынсыз тазалауға және қызмет көрсетуге тыйым салынады.
- ▶ Тұмшапештің есігіне ауыр заттарды қоймаңыз .
- ▶ Ыңғайлы киім киіңіз. Құрылғыны пайдаланған кезде тым кең киім немесе салпаңдап тұрған элементтері бар киім киюге болмайды. Олар ыстық элементтерге немесе беттерге тиген кезде өртеніп кетуі немесе еруі мүмкін, бұл күйік тудыруы мүмкін.
- ▶ Пайдаланушылық қызмет көрсету: нұсқаулықта тиісті нұсқаулар жоқ құрылғының кез келген бөлігін жөндеуге немесе ауыстыруға болмайды. Кез келген басқа техникалық қызмет көрсетуді білікті техник орындауы керек.
- ▶ Тұтанған майды немесе тоң майды сумен сөндіруге тырыспаңыз. Өртті сөндіру үшін, құрғақ химиялық немесе көбікті өртсөндіргішті пайдаланыңыз.
- ▶ Тек құрғақ қолғаптарды немесе қапсырғыштарды пайдаланыңыз. Ылғал қолғаптарды ыстық беттерге тигізу бұмен күйіп қалуға әкелуі мүмкін. Тұтқыштардың ыстық аумақтарға немесе қыздыру элементтеріне тиіп кетпейтініне көз жеткізіңіз. Тұтану қаупіне байланысты сүлгіні немесе көлемді шүберекті тұтқыш ретінде пайдаланбаңыз.
- ▶ Тұмшапеште ішіне тамақ өнімдері салынған жабық контейнерлерді қыздырмаңыз. Контейнердегі қысым контейнердің қас қағымда бұзылуына және жарақатқа әкелуі мүмкін.
- ▶ Азық-түлікпен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік: тағамды тұмшапешке тікелей салып, пісіргеннен кейін бірден алыңыз. Бұл тамақтан улануды тудыруы мүмкін бактериялардың көбеюіне жол бермеу үшін қажет. Әсіресе, жылы ауа-райында абай болыңыз.



- ▶ Пештің желдеткіштерін әрқашан ашық ұстаңыз.
- ▶ Сыртқы таймері немесе бөлек қашықтан басқару жүйесі бар құрылғыны пайдаланбаңыз.
- ▶ Назар аударыңыз: тұмшапешті салқындату кезінде ыстық ауа оның жоғарғы жағындағы желдеткіштен шығуы мүмкін.
- ▶ Сөрелерді орналастыру: сөрелерді тек салқындатылған пешке орнатыңыз (алдын ала қыздырылғанға дейін). Егер тұмшапеш ыстық болған кезде торды алып тастау керек болса, тұтқыштардың ыстық қыздыру элементтерімен жанасуына жол бермеңіз.
- ▶ Тұмшапештің нығыздауыштарын тұмшапештерді тазалауға арналған заттардың көмегімен тазаламаңыз және жумаңыз. Бұл тұмшапештің тиімді жұмысына кепілдік беретін нығыздауыштардың қауіпсіздігі үшін маңызды. Нығыздауыштарды ысқылауға, бүлдіруге немесе жылжытуға тыйым салынады.
- ▶ Егер құрылғы зақымдалса немесе дұрыс жұмыс істемесе, оны орнатпаңыз немесе пайдаланбаңыз. Егер сіз зақымдалған құрылғыны алсаңыз, дереу өз дилеріңізге немесе орнатушыға хабарласыңыз.
- ▶ Бу генераторының жұмысы кезінде күйіп қалу қаупін болдырмас үшін тұмшапештің есігін ашпаңыз.
- ▶ Тұмшапеш тазартқыштарын, агрессивті/абразивті тазартқыштарды, балауыздарды немесе жылтыратқыштарды пайдаланбаңыз. Қаптауға арналған кез келген материалдарды, қорғаныс жабындарын және тұмшапештерді тазалауға арналған заттарды пайдалануға тыйым салынады. Пеш есігінің әйнегін тазалау үшін қатты/абразивті тазалағыштарды, шүберектерді немесе өткір металл қырғыштарды пайдаланбаңыз, себебі олар бетті сызып тастайды және есіктің әйнегі сынуы мүмкін.
- ▶ Осы Нұсқаулықта аталған бөлшектерді ғана тазалауға рұқсат етіледі.
- ▶ Тұмшапештің кез келген бөлігін тазалау үшін, бумен тазартқышты пайдалануға тыйым салынады.
- ▶ Балаларға керек болуы мүмкін заттарды тұмшапештің үстінде сақтамаңыз. Тұмшапештің үстіне шығып балалар күйіп қалуы немесе жарақат алуы мүмкін.
- ▶ Тұмшапеште қолдануға рұқсат етілген пісіруге арналған ыдысты ғана пайдаланыңыз. Пісіруге арналған ыдыс өндірушісінің нұсқаулықтарын орындаңыз.
- ▶ Өтпелі сомындардың бүйірлік тіреуден алынып, қоса берілген металл бекіткіш сомындарға ауыстырылғанына көз жеткізіңіз.
- ▶ Тек осы тұмшапешке ұсынылған термосүңгіні қолданыңыз.



ЕСКЕРТУ!



Электр тогымен зақымдану қаупі  
Техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жүргізу алдында, құрылғыны міндетті түрде қорек желісінен ажыратыңыз. Дұрыс жерге қосу маңызды және міндетті болып табылады. Электр сымдарының ішкі жүйесіне өзгерістер енгізу үшін тек білікті электрикке рұқсат етіледі. Бұл ұсынысты сақтамау электр тогының соғуына немесе өлімге әкелуі мүмкін.



ЕСКЕРТУ!



Тұтану қаупі  
Құрылғыны электр желісіне қосу үшін ауыстырып -қосқыш, түрлендіргіш немесе тармақтайтын құрылғы қолданбаған жөн.  
Бұл талапты орындамау құрылғының қызып кетуіне, тұтануына немесе өрт шығуына себеп болуы мүмкін.



ЕСКЕРТУ!



Кесу қаупі  
Сақ болыңыз - құрылғыда өткір жиектер бар. Қауіпсіздік ережелерін сақтамау кесуге немесе басқа жарақаттарға әкелуі мүмкін.

## ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ НҰСҚАУЛАР

- ▶ Қауіпсіздік мақсатында тұмшапешті орнатпас немесе пайдаланбас бұрын осы нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз.
- ▶ Бұл ақпаратты монтаж жасайтын адамға хабарлаңыз - бұл құрылғыны орнату сіздің шығыныңызды төмендетуі мүмкін.
- ▶ Пешті орнатуды және электр желісіне қосуды осы монтаждау жөніндегі нұсқаулыққа және барлық қолданылатын Құрылыс және электротехникалық нормативтерге сәйкес жеткілікті біліктілігі бар маман жүргізуі тиіс.
- ▶ Құрылғыны дұрыс орнатпау кепілдіктің жойылуына әкелуі мүмкін.
- ▶ Егер қуат кабелі зақымдалған болса, қауіпті жағдайларды болдырмау үшін оны тек өндіруші, қызмет көрсету орталығының өкілі немесе басқа білікті маман ауыстырууы керек. Ажыратқыш: пеш жергілікті электр сымдарының нормаларына сәйкес қуат көзінен толық ажыратуды қамтамасыз ететін ажыратқышы бар желіге қосылуы керек. Тұмшапеш жерге тұйықталуға тиіс.
- ▶ Қатпама тиісті түрде жойылуы керек.
- ▶ Қоршаған ортаға әсерді азайту үшін мүмкіндігінше орау материалдарын қайта өңдеуге тапсырыңыз.
- ▶ Бұл құрылғы тек тұрмыстық пайдалануға арналған және оны өнеркәсіптік немесе коммерциялық мақсаттарда пайдалануға болмайды.
- ▶ Өнімді онда көрсетілген манипуляциялық белгілерге сәйкес зауыт қаптамасында тасымалдау және сақтау қажет.
- ▶ Тиеу, түсіру және тасымалдау кезінде сақ болыңыз.
- ▶ Көлік пен қойма өнімнің атмосфералық жауын-шашыннан және механикалық зақымдалудан қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс.

## АСПАПТЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ



Ескі тұрмыстық техниканы қарапайым тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды. Оны электр жабдықтарын жинау және қайта өңдеу орталығына тапсырыңыз.

Құрылғыдағы, пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы немесе қаптамадағы таңба олардың қайта өңдеуге жарамды екенін білдіреді.

Тұмшапеш ішінде қолданылатын материалдар қайта өңдеуге жарайды және тиісті заттаңбасы бар.


Ұсталған құрылғының материалдары мен бөлшектерін қайта өңдеуге беру арқылы сіз қоршаған ортаны қорғауға маңызды үлес қосасыз.

Пайдаланылған электр аспаптарын кәдеге жарату орталықтары туралы ақпаратты жергілікті билік органдарынан алуға болады.

# ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ГАБАРИТТЕРІ ЖӘНЕ ӨЛШЕМДЕРІ



ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ГАБАРИТТЕРІ ЖӘНЕ ӨЛШЕМДЕРІ	ММ
A Құрылғының жалпы биіктігі	595
B Құрылғының жалпы ені	597
C Құрылғының жалпы тереңдігі	565
D Корпустың жалпы биіктігі	575
E Корпустың жалпы ені	552
F Корпустың жалпы тереңдігі	545
G Пеш жақтауы мен басқару тақтасының тереңдігі	20
H Толығымен ашық күйінде тұмшапеш есігінің тереңдігі	450




## ТҰМШАПЕШТІ ҚАПТАМАДАН ШЫҒАРУ

### МАҢЫЗДЫ!

КӨТЕРУ: Тұмшапешті есік тұтқасынан ұстап көтермеңіз. Корпустың бүйір жағындағы тұтқаларды пайдаланыңыз (егер бар болса).

- ▶ Бүкіл қаптаманы алып, барлық қажет талапты сақтай отырып, кәдеге жаратыңыз. Мүмкіндігінше орау элементтерін қайта өңдеуге тапсырыңыз.
- ▶ Төменгі жиектің зақымдалуын болдырмау үшін қаптамасы ашылған пешті ағаш блоктарға немесе ұқсас тіректерге қойыңыз.



### МАҢЫЗДЫ!

Тұмшапешті қораптан шығарған кезде, оның төменгі жиегіне зақым келтірмеуге тырысыңыз. Тұмшапештің бұл бөлігі дұрыс желдету және артық конденсацияны кетіру үшін маңызды.

Аксессуарлар тізімі	Пісіруге арналған терең таба	Пісіруге арналған жалпақ таба	Грильге арналған тор	Сөрелерге арналған бекіткіштер	Бұрандалар
Саны	1	1	1	1 пара	2

### МАҢЫЗДЫ!


Пісіру кезінде табақтары деформациялануы мүмкін; бұл қалыпты жағдай — салқындағаннан кейін олар бастапқы пішінін қалпына келтіреді.

# ҚОРЕК КӨЗІНЕ ҚОСУ

## МАҢЫЗДЫ!

- ▶ Тұмшапешті электр желісіне қосуды тек білікті маман жүзеге асыруы керек.
- ▶ Тұмшапеш жерге тұйықталуға тиіс.
- ▶ Тұмшапешті электр желісіне қоспас бұрын, ішкі сым жүйесі пештің қуатына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз (паспорт кестесінде көрсетілген).
- ▶ Нақты кернеу паспорт кестесінде көрсетілген мәнге сәйкес келуі керек.

Обозначение модели	Объем	Номинальная мощность	Номинальное напряжение	Номинальная частота
HOQ-K2ANN3GB HOQ-K2ANN3BX HOQ-K2ANN3WB	72 л	2980 Вт	220-240 В~	50/60 Гц



Қуат сымын клеммалы қорапқа қосыңыз  
Кабель қысқышы бұранда көмегімен  
тартылғанына көз жеткізіңіз.

## ПЕШТІ АС ҮЙ ЖИҢАЗЫНЫҢ ІШІНЕ ОРНАТУ

1. Тұмшапешті дайындалған таушаға орнатыңыз.

### **МАҢЫЗДЫ!**


Тұмшапешті есік тұтқасынан ұстап көтермеңіз.

2. Тұмшапештің есігін толық ашыңыз.

3. Пешті ас үй жиһазының таушасына бекіту үшін жиынтыққа кіретін бұрандаларды пайдаланыңыз.


### **МАҢЫЗДЫ!**

- ▶ Болттарды тым қатты тартпаңыз.
- ▶ Пешті таушаға силиконмен немесе желіммен бекітпеңіз. Бұл болашақта техникалық қызмет көрсетуді қиындатады. Naier компаниясы тұмшапешті бөлшектегені үшін немесе бөлшектеу барысында келген шығындар үшін жауапкершілік арқаламайды.




## КІРІСПЕ

---




## Қыздыру жүйесі

---



## Сөрелердің орналасуы


---






## БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

---



---


### Дисплей индикаторы




# БІРІНШІ ПАЙДАЛАНУ



Пешті бірінші рет қосқанда немесе қуат өшірілгеннен кейін пешті пайдалану үшін сағатты реттеу керек.

## 1. Сағатты орнату

1. Дисплейде көрсетіледі 12:00 және  шамы жыпылықтай бастайды.
2. Уақытты орнату үшін - және + түймесін түртіңіз.
3. Уақыт сіз басқару панелінен қолыңызды алған соң 2 секундтан кейін автоматты түрде расталады.



## 2. Уақытты өзгерту

1.  түрту және ұстап тұру арқылы шеңбер бойынша 3 функцияның бірін таңдауға болады.  индикаторы пайда болған кезде саусағыңызды босатыңыз.



2. Уақытты орнату үшін - және + түймесін түртіңіз. Уақыт сіз басқару панелінен қолыңызды алған соң 2 секундтан кейін автоматты түрде расталады.




## 3. Пешті жұмысқа дайындау

Тұмшапешті пісіру немесе пісіру үшін бірінші рет қолданар алдында оны дайындау керек. Тамақты дайындау кезінде барлық зауыттық қалдықтар жойылады. Бұл ең басынан жақсы нәтиже алуға кепілдік береді.




1. Пісіру функциясын таңдау үшін функция селекторын айналдырыңыз.
- 2 Температураны 200 °C-қа орнату үшін мәндерді таңдау реттегішін бұраңыз.


- ▶ Пешті қыздыру кезінде индикатор жанып тұрады.
- ▶ Пеш алдын ала орнатылған температураға жеткенде, индикатор сөнеді.

3. 30 минуттан кейін Конвекциялық гриль  режимін таңдаңыз. 200 °C температураны 5 минутқа қалдырыңыз.
4. 5 минуттан кейін пешті өшіріңіз (функция селекторы мен мәндерді таңдау реттегішін 0 күйіне бұраңыз)

- ▶ Дайындалу процесі кезінде өндірістік қалдықтар жанатындықтан соған тән иіс пен азғантай түтін шығады. Бұл әсте қалыпты жағдай, бірақ дайындалу кезінде бөлмедегі ауа айналымын қамтамасыз ету керек.
- ▶ Суыған соң тұшпапешті жұмсақ тазалағыш құрал жағылған дымқыл шүберекпен сүртіп, мұқият кептіріңіз.



## Уақытты орнату функциясы

Уақыт параметрлерін кез келген уақытта  түймесін басу арқылы өзгертуге болады.



Пісіру ұзақтығын, таймерді және уақытты кезекпен орнату үшін  түймесін басуды жалғастырыңыз.

- ▶ Таймер минуттармен кері санауды жүргізеді (сағат:мин).
- ▶ Таймерді қоюға болатын максимал уақыт – 23 сағат 59 минут.


### 1. Пісіру уақытының ұзақтығын орнату

1.  түймесін түртіңіз, пісіру уақытының индикаторы пайда болады .
2. - және + түймесін түрту арқылы уақытты орнатыңыз.
  - ▶ Басқару түймелерін ұстап тұру айналдыруды тездетеді.
3. Пісіру уақыты саусағыңызды басқару тақтасынан алғаннан кейін 6 секундтан кейін орнатылады.
  - ▶ Дисплейде қалған пісіру уақытының кері санағы көрсетіледі.

Пісіру ұзақтығының баптауларын өзгерту

1. Қалған  уақытын таңдау үшін  түймесін түртіңіз.
2. Жаңа уақытты орнату үшін - және + түймесін түртіңіз.
3. Қолыңызды панельден алыңыз, сонда уақыт расталады.

Белгіленген уақыт аяқталғанда

- ▶  индикаторы жыпылықтайды, бірнеше секунд сайын естілетін дыбыстық сигнал шығады.
- ▶ Функция селекторы мен мөндерді таңдау реттегішін 0 күйіне бұраңыз.
- ▶ Дыбыстық сигналды болдырмау үшін кез келген түймені басуға болады немесе ол автоматты түрде өшкенше 2 минут күте аласыз.

### **МАҢЫЗДЫ:**

- ▶ Егер сіз пісіру ұзақтығын белгілемей пісіруді бастасаңыз, пеш қолмен пісіруді тоқтатқанша үздіксіз жұмыс істей береді.
- ▶ Егер пісіру ұзақтығын орнатсаңыз, пеш көрсетілген уақыттан кейін өшеді.




## 2. Таймерді орнату

Кері уақыт санауды орнату



Бұл функция құрылғының жұмысына әсер етпейді.

Уақытты таңдаңыз және орнатыңыз. Уақыт аяқталған соң дыбыстық сигнал беріледі. Таймерді тұмшاپеш өшіп тұрған кезде де пайдалануға болады.

Жұмысты бастау немесе аяқтау туралы еске салу үшін таймерді орнату.

1.  индикаторы пайда болған кезде  түймесін басып, саусағыңызды басқару тақтасынан алыңыз.
  2. - және + түрту арқылы таймерді орнатыңыз.
  3. Таймер саусағыңызды басқару тақтасынан алғаннан кейін 6 секундтан кейін орнатылады.
  4. Дисплейде уақытты кері санау пайда болады.
  5. Уақыт аяқталғаннан кейін  шамы жыпылықтайды және бірнеше секунд сайын дыбыстық сигнал шығады.
- Дыбыстық сигналды болдырмау үшін кез келген түймені басуға болады немесе ол автоматты түрде өшкенше 2 минут күте аласыз.

Таймерді орнатуды тоқтату

1.  айналдырыңыз және  индикаторы пайда болған кезде саусағыңызды басқару тақтасынан алыңыз.
2. Уақытты 00: 00-ге өзгерту үшін түртіңіз, 6 секундтан кейін таймер түсіріледі.

## Жалпы ұсыныстар

### МАҢЫЗДЫ!

- ▶ Модельге байланысты Сізге төмендегі кейбір мүмкіндіктер ғана қол жетімді болуы мүмкін.
- ▶ Пештің барлық функцияларын пайдаланған кезде оның есігі жабық болуы керек.
- ▶ Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін пісіру алдында пешті алдын ала қыздыру ұсынылады, егер бұл функционалды режим нұсқауларында көрсетілмесе.

## 1. Пісіру

жоғарғы сыртқы элемент және төменгі элемент

- ▶ Жылу жоғарғы және төменгі элементтерден келеді. Бұл функцияда желдеткіш қолданылмайды.
- ▶ Ұзақ уақыт немесе төмен температурада пісіруді қажет ететін торттар мен тағамдар пісіруге өте ыңғайлы.
- ▶ Печенье дайындау үшін 160~180°C температура ұсынылады.

*Шырынды жеміс бәліштері сияқты ұзақ уақытты қажет ететін дымқыл өнімдерге өте ыңғайлы.*

## 2. Қуырдақ

желдеткіш плюс жоғарғы ішкі элемент және төменгі элемент

- ▶ Алдын ала қыздыру қажет емес. Функцияны тікелей іске қосу алдында азық-түлікті тұмшапешке орналастыру керек.
- ▶ Қажет болса, табандық немесе гриль торын қолданыңыз немесе көкөністерді ет шырынын сіңіру үшін қуырылатын тағамның астына қойыңыз. Бұл ет астындағы ыстық ауа айналымын қамтамасыз етеді.

*Келесі тағамдарды дайындау үшін тамаша келеді: ет пен көкөністерді қуырып пісіру. Еттің үлкен кесегін пісіру үшін ұсынылады.*

## 3. Кондитерлік пісірме

желдеткіш және астыңғы элемент

- ▶ Желдеткіш жылуды төменгі элементтен бүкіл тұмшапешке таратады.
- ▶ Қыртысты жұмсақ қызарта отырып, тағамның негізін қарқынды қыздыруды қамтамасыз етеді.

*Фриттата, киша сияқты қыртырлақ негізді және үстіңгі қыртысты қажет ететін тәтті және дәмді кондитерлік өнімдер мен нәзік тағамдарды дайындауға өте ыңғайлы.*

## 4. Конвекциялық гриль



желдеткіш және ішкі және сыртқы элементтердің қосылуы

- ▶ Бұл функция үстіңгі элементтерден қатты жылуды пайдаланып, бетінде қызарған қабық пайда болады, ал желдеткіш тағамды біркелкі пісіру үшін қолданылады.
- ▶ Ет, құс еті мен көкөніс тамаша дайындалады; өнімдер қытырлап әрі сырттай қызарып піседі, ал іші сәлді және жұмсақ болады.

*Тұтас тауық еті, сиыр еті немесе гриль тауық еті, балық және сүйікті рецепт бойынша стейк үшін өте қолайлы.*

## 5. Гриль



үстіңгі ішкі және сыртқы элементтер

- ▶ Жоғарғы екі элемент те қарқынды жылу шығарады.
- ▶ Алдын ала қыздыру қажет емес, дегенмен кейбіреулер тағамды грильдің астына қоймас бұрын элементті бірнеше минут қыздыруды жөн көреді.
- ▶ Бұл картоп гратині мен фриттатаның үстіңгі жағын қызарту сияқты көптеген тағамдарды “аяқтау” үшін ең қолайлы функция.

*Нанды қуыруға немесе тағамның жоғарғы жағын қызаруға өте ыңғайлы.*

## 6. Конвекциямен пісіру



желдеткіш және жоғарғы сыртқы элемент және төменгі элемент қосылады


- ▶ Пештің желдеткіші ыстық ауаны сыртқы жоғарғы және төменгі элементтерден бағыттайды, оны пештің қуысына таратады.
- ▶ Дайындалған тағамдар дәстүрлі “Пісіру” функциясында дайындалған тағамдарға қарағанда тезірек қызарады.
- ▶ Сізге дәстүрлі рецепттерде ұсынылғанға қарағанда пісіру уақытын азайту қажет болуы мүмкін.
- ▶ Жемістерді, көкөністерді және шөптерді 50°C сияқты төмен температурада кептіру үшін конвекциялық пісіру режимін қолданыңыз.

*Бір деңгейде пісіру үшін өте қолайлы;*

*- маффиндер, тоқаштар және кекстер сияқты тағамдарды немесе мысалы, энчиладасты (ащы ет салмасы бар құймақ) дайындауға бір сағаттан аз уақыт кетеді.*

## 7. Автотазалау

Мүмкіндігінше ласты қолмен кетіріңіз. Бүйір қабырғаларын тазарту үшін сөрелер мен сөре тіректерін алыңыз. Су тазарту функциясы тұмшәпештің қуысын бумен тазартуды қамтамасыз етеді. Тазалау тиімділігін арттыру үшін бұл функция құрылғы салқындағаннан кейін іске қосылуы керек. Көрсетілген уақыт функцияның жұмыс уақытына байланысты және пайдаланушының қуысты тазартуға кететін уақытын қамтымайды.

1. Тұмшәпештің түбіне 200 мл су құйыңыз
2.  аква тазалау функциясын таңдаңыз, температураны 110°C етіп орнату үшін мәндерді таңдау реттегішін бұраңыз.
3. Пісіру уақытын 20 минутқа қойыңыз.
4. Бағдарлама аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал беріледі.
5. Тұмшәпештің ішкі беттерін қажамайтын губкамен сүртіңіз. Пеш қуысын тазарту үшін жылы суды немесе пештерге арналған арнайы жуғыш заттарды қолдануға болады.

Тазалағаннан кейін тұмшәпештің есігін шамамен 1 сағатқа ашық қалдырыңыз. Құрылғының толық кебуін күтіңіз. Кептіруді тездету үшін, тұмшәпешті шамамен 15 минут бойы 150 °C температурада ыстық ауамен жылытуға болады. Тазалау функциясының максималды әсерін алу үшін функция аяқталғаннан кейін құрылғыны қолмен тазалаңыз.

### **ЕСКЕРТУ!**

Жұмыс кезінде пештің есігін ашпаңыз, ыстық бу шығуы мүмкін. Қолды қорғау үшін қуыстың бетін губкамен тазалаған кезде жылу оқшаулағыш қолғап киіңіз.


## 8. Қамырды толықсытуға арналған функцияны пайдалану

Бұл функцияны пісірер алдында қамырды толықсыту үшін пайдаланыңыз. Қажет болса қамырды бірнеше толықсытуға болады.

### **МАҢЫЗДЫ!**

- ▶ Қамырды өсіру үшін төмен температура қажет. Пеш сіз орнатқан температурада автоматты түрде жұмыс істейді.
- ▶ Бұл функция пештің қуысы салқындаған кезде ғана қолдануға жарамды.



1. Пешті 5 минут бойы алдын ала қыздыру үшін  пісіру функциясын таңдаңыз 5 минуттық алдын ала қыздырудан кейін қамырды өсіру режимін таңдау үшін функция селекторын айналдырыңыз.


Ескерту: егер тұмшапеш іші тым ыстық болса:

- ▶ Тұмшапешті салқындату үшін есікті ашыңыз.

Қамырды ыстыққа төзімді ыдысқа салыңыз да, пластикалық орамамен және/немесе таза, дымқыл шүберекпен жабыңыз, содан кейін ыдысты тұмшапештің ортасына қойыңыз.

2. Сіздің аспаздық тәжірибеңізге байланысты сіз қамырды тексеру уақытын белгілей аласыз.

Егер сіз уақытты белгілесеніз, дисплейде қалған уақыт кері санала бастайды.



### **МАҢЫЗДЫ!**

Тұмшапеш суығанша оған қамыр салмаңыз.

3.

- ▶ Егер сіз қамырды тексеру функциясы аяқталған кезде қамырды тексеру уақытын белгілесеніз, дыбыстық сигнал шығады және тостағанды пештен шығаруға болады. Қамырдың жеткілікті көтерілгенін тексеріңіз (қамырдың көлемі кәдімгідей ұлғаюға тиіс). Қамырдың дайын болғанын тексеру үшін саусақпен ақырын басып көріңіз. Басқан жеріңіз баяу қалпына келу керек.
- ▶ Егер сіз қамырды өсіру уақытын орнатпаған болсаңыз, қамырды өсіру аяқталған кезде функция селекторын бейтарап күйге бұру арқылы қамырдың күйін қадағалап, функцияны өшіру керек.

Егер қамырды қайта тексеру қажет болса:

- ▶ Қамырды тексеру функциясын қайтадан таңдау үшін функция селекторын бұраңыз.
- ▶ Қамырды толықсыту функциясын қайта іске қосу үшін алдыңғы бетте сипатталған әрекеттерді орындаңыз.

4. Қамырды толықсытуға арналған функцияны тоқтату Келесі функцияны таңдағанға дейін функция селекторын айналдырыңыз.

## 9. Аэрогриль

Келесі тағамдарды дайындау үшін тамаша келеді: мұздатылған тағамдарды немесе әдетте фритюрде пісірілетін жартылай дайын өнімдерді дайындау.

- ▶ Пісірудің жақсы нәтижесіне қол жеткізу үшін тағамды пісіру табағына немесе аэрогриль себетіне салыңыз.
- ▶ Бұл режим аэрогрильде пісіру шарттарын қайталайды.
- ▶ Қуырудың пайдалы әдісі, онда тағамдар аз мөлшерде қолданылған маймен қытырлақ болады. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін өнімдерді 1-2 ас қасық маймен майлаңыз.
- ▶ Қаптамадағы өнімдер үшін: егер өндіруші желдеткішті пайдаланбай өнімді дайындауды ұсынса, температураны 20°C (70°F) төмендетіңіз.
- ▶ Бір сәреде пісіру: пештің жоғарғы жағында пісіріңіз, бірақ ең жоғарғы сәреде емес.

Өнім	Сәрелер	Температура (°C)	Уақыт (мин)	Сәре деңгейі
Чипсілер	Пісіруге арналған таба	205	15~20	4.
Чипсілер	Аэрогриль себеті	205	15~20	3
Дерундар	Топ	200	20~25	3
Тауық наггетстері	Пісіруге арналған таба	200	18~23	4.
Тауық наггетстері	Аэрогриль себеті	205	18~23	3
Тауық қанаттары	Топ	180	20~25	3

## Қолмен тазалау

ҮНЕМИ	ЕШҚАШАН
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қолмен тазалау немесе техникалық қызмет көрсету операцияларын жасамас бұрын, алдымен пешті қауіпсіз температураға дейін суығанша күтіңіз, содан кейін сымды розеткадан шығарып, қуатты ажыратыңыз.</li> <li>• Пешті тазалауды бастамас бұрын, осы тазалау нұсқаулығын және қауіпсіздік ережелері бөлімін оқып шығыңыз.</li> <li>• Ластануды қабаттастырмау және кетіру қиын болмауы үшін, әр қолданғаннан кейін мүмкіндігінше пештен сұйықтықтың төгілуін, тамақ қалдықтары мен май дақтарын кетіріп отыру ұсынылады.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бу тазартқышты пайдалануға жол берілмейді.</li> <li>• Тұмшاپеште тұтанғыш материалдар сақтауға тыйым салынады.</li> <li>• Ешқашан қатты немесе қажақ тазалағыш құралдар, шүберек немесе сым жөке пайдаланбаңыз.</li> <li>• Кейбір нейлон жөкелер де эмальді сыруу мүмкін. Алдымен затбелгісін тексеріңіз</li> <li>• Ешқашан каталитикалық панельдерге тұмшاپеш тазалайтын құралдарды пайдаланбаңыз.</li> <li>• Еш уақытта тұмшاپеш бетінде сілті (тұзды сұйықтық) немесе қышқыл заттарды (мысалы, лимон шырыны немесе сірке суы) қалдырмаңыз.</li> <li>• Ешқашан хлор немесе қышқылдарға негізделген құралдарды пайдаланбаңыз.</li> </ul>

НЕ?	ҚАЛАЙ?	МАҢЫЗДЫ!
<p>Шыны беттер (пеш есігінің әйнегі, басқару панелі)</p>	<p>Есік үш шыны панельден тұрады.</p>  <p>Шыны панельді тазалау үшін алдымен есік пен ішкі панельді шешіп алу керек. Нұсқаулықтар “Есік әйнегін тазалау үшін алу және ауыстыру” бөлімінде келтірілген.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жұмсақ жуғыш құрал немесе ас содасымен және ыстық су ерітіндісімен тазалаңыз, содан кейін құрғатыңыз.</li> <li>2. Әйнек тазалағышпен сүртіп, түксіз жұмсақ шүберекпен құрғатыңыз.</li> </ol>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Шыны беттерді тазалау үшін пеш тазалағыштарды және кез келген басқа абразивті тазалағыштарды, матаны, металл губкаларды, болат жөкелер немесе өткір металл қырғыштарды пайдаланбаңыз. Олар шыныны сырып, арнайы жабынын зақымдауы мүмкін, бұл өз кезегінде оның шытынап, бүлінуіне әкеледі.</li> <li>• Тіпті ішкі панельді (C) тазаласаңыз да, алдымен есік пен панельді шешіп алыңыз. Есікке орнатылған панельмен шыныны тазалау тазартқыш сұйықтықтың саңылауларға ағып кетуіне және оның ішкі бөліктерінде кеуіп қалуына әкелуі мүмкін.</li> <li>• * Басқару панелінің әйнегін тазалаған кезде өте сақ болыңыз. Тек жуғыш құрал мен дымқыл шүберекті пайдаланыңыз.</li> </ul>

НЕ?	ҚАЛАЙ?	МАҢЫЗДЫ!
Тот баспайтын болаттан жасалған жолақ/ пеш есігінің алдыңғы тұтқасы	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жұмсақ жуғыш құрал мен ыстық су ерітіндісінің көмегімен тазалап, артынан микроталшықтан жасалған шүберекпен құрғатып сүртіңіз.</li> <li>Қажет болса сәйкес келетін тазалағыш пен тот баспайтын болатқа арналған полирольді пайдаланыңыз.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тот баспайтын болаттан жасалған тазартқышта хром қосылыстары жоқ екеніне көз жеткізу үшін жапсырманы оқып шығыңыз, себебі олар агрессивті және пештің сыртқы түрін зақымдауы мүмкін.</li> <li>Тот баспайтын болаттың бетін әрдайым жылтырату бағытында сүртіңіз.</li> </ul>
Пеш есігінің алюминий жақтауы және пластик бұрыштық қысқыштар	Жұмсақ жуғыш құрал мен ыстық су ерітіндісімен тазалап, артынан құрғатып сүртіңіз.	/
Деңгейлердің телескоптық сырғымалы тіреулері	Ылғал шүберекпен және жұмсақ жуғыш құралдармен сүртіңіз. Ақ түсті консистенттік майды сүртпеңіз және шаймаңыз (сырғымалы бағыттағыштарды жылжытқанда көрінеді).	Бұл бөлшектерді ыдыс жуғыш машинада жууға, сабынды суға батыруға, пеш тазалағыштарды пайдалануға рұқсат етілмейді, өйткені ақ майлау алынып тасталады және сырғымалы рельстердің жатық қозғалысы мүмкін болмайды.
Тұмшапештің ішкі қуысы	<p>Пештен барлық деңгейлер мен науаларды, бүйірлік торларды, каталитикалық панельдерді шығарып алыңыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Есігін алыңыз (келесі беттердегі нұсқаулықты қараңыз).</li> <li>Тұмшапештің ішкі бетін тұрмыстық жуғыш құралмен немесе аммиакқа негізделген тазалағыш құралмен сүртіңіз.</li> <li>Ылғал шүберекпен тап-таза етіп сүртіп, толық кебуіне мүмкіндік беріңіз.</li> </ol>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ластануды қабаттастырмау және кетіру қиын болмауы үшін, әр қолданғаннан кейін мүмкіндігінше пештен сұйықтықтың төгілуін, тамақ қалдықтары мен май дақтарын кетіріп отыру ұсынылады.</li> <li>Пештің ішкі беттерін тазалауды жеңілдету үшін пештің есігін алып тастауға болады. Нұсқаулықтар келесі беттерде жазылған.</li> <li>Тұмшапештің төбесін тазалауды жеңілдету үшін грильдің қыздырғыш элементін түсіруге болады. Нұсқаулықтар келесі беттерде жазылған.</li> </ul>

НЕ?	ҚАЛАЙ?	МАҢЫЗДЫ!
<p>Грильге арналған науаша Грильге арналған тор Бүйірлік торлар тұмшاپеш деңгейлері Таба</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жұмсақ жуғыш құрал мен ыстық су ерітіндісімен тазалаңыз.</li> <li>• Кетуі қиын күйген дақтарды ыдыс жуғыш машинаға арналған ұнтақ пен ыстық су ерітіндісімен алдын ала сулап қойыңыз.</li> <li>• Табадан басқа бөліктерін ыдыс жуғыш машинада жууға болады.</li> </ul>	/
<p>Тұшпашестің нығыздауыштары</p>	<p>Жұмсақ жуғыш құрал мен ыстық су ерітіндісімен тазалаңыз.</p>	/
<p>Тамшы арнасы</p>	<p>Есіктің арт жағындағы тамшы арнасына жиналатын ылғалды сіңіріп алу үшін, губканы пайдаланыңыз.</p>	/

Бүйірлік тіректі алып тастау

### **МАҢЫЗДЫ!**


Алдымен міндетті түрде қорек бауын розеткадан суыру арқылы тұмшاپешті өшіріңіз. Жұмысқа кіріспес бұрын тұмшاپештің толық өшкеніне көз жеткізіңіз.

Бүкіл сөрені алыңыз:

Бүкіл сөрені тартып, шығарыңыз.

Оңай қол жеткізу үшін, тұмшاپештің есігін алуға кеңес беріледі.

“Тұмшاپеш есігін алу және қайта орнату” бөлімін қараңыз.






Екі жақ бүйірлік тіреулерін алу:

Бүйірлік тіреудің алдыңғы бөлігіндегі бекіткіш сомынды бұрап, шығарыңыз. Қажет болса бұrandаны босату үшін, монетаны пайдаланыңыз.


1. Бүйірлік тіреуді алдыңғы таяныш бекіткіш бұrandадан босайтындай етіп, тұмшاپештің ортасына қарай тартыңыз.

2. Бүйірлік тіреуді артқы істіктер саңылаудан шыққанша алға қарай жылжытыңыз.



Бүйірлік тіреуді орнына қою:

1. Бүйірлік тіреудің артқы істіктерін тұмшашестің арт жағындағы саңылауларға орнатыңыз.
2. Бүйірлік тіреудің алдыңғы таянышын бекіткіш бұранданың үстіне қойыңыз.
3. Бекіткіш сомынды орнына қойыңыз. Сомынды тарту үшін, монетаны пайдалануға болады.



Сөрелердің сырғымалы тіреулерін алу және қайта орнату (бөлек сатып алынады)



### **МАҢЫЗДЫ!**

Тек шағын тұмшашестер үшін:

Сөрелердің сырғымалы тіреулері 3 және 4-қалыпта қолданылмайды.


Орнату

1. Бағыттағыштардың дұрыс орналасқанына (бағыттағыштың алдыңғы бөлігінде суретте көрсетілгендей үшбұрыш пішінді дөңес болу керек) көз жеткізіңіз.
2. Қысқыштардың жоғарғы бөлігін бүйірлік тіреулердің үстіне қойыңыз. Алдыңғы қысқыш бүйірлік тіреудің алдыңғы шетіне барынша жақын орналасуға тиіс. Артқы қысқыштың бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
3. Бағыттағышты төмен бұрып, қысқыштардың төменгі бөлігін “сырт еткенше” қойыңыз.



Алу

Қысқыштарды босатып, бағыттағышты алу үшін бағыттағышты қолмен ұстап, төменнен жоғары қарай бұраңыз.




Сөрелердің сырғымалы тіреулерін орнына қойған кезде мыналардың орнатылғанына көз жеткізіңіз:


- ▶ алдымен бүйірлік тіреулер;
- ▶ бағыттағыштар деңгейдің жоғарғы бағыттауыш шыбығында (1 және 2-деңгейлер тек шағын тұмшاپештерде);
- ▶ бағыттағыштардың әр жұбының екі жағы

Тұмшاپеш науалары мен грильге арналған табаны орнату

- ▶ Қажет сөрелерді қойыңыз. Келесіге көз жеткізіңіз:
- ▶ Деңгейлер сөренің екі бағыттағыш шыбықтары арасында сырғиды (егер сөренің сырғымалы тіреуі қолданылса);
- ▶ Тоқтау көрсеткіштері төмен қарап тұр.
- ▶ Қорғаныс қоршауы арт жақта тұр.



Деңгейді екі бағыттағыш шыбық арасына орнату



Деңгейді сөренің сырғымалы тіреуіне орнату




Тұмшاپеш есігін алу және қайта орнату


### **МАҢЫЗДЫ!**

Абай болыңыз, тұмшاپештің есігі ауыр.


Есікті алу:



1. Тұмшاپештің есігін толық ашыңыз. Есік топсасының екі шетіндегі шағын металл бекіткіш иінтіректі табыңыз.




2. Есікті топсадан алу үшін, әр бекіткіш иінтіректі толық көтеріңіз.




3. Есікті екі шетінен ұстап тұрып оны абайлап сыртқа қарай тартыңыз да, топсадан алыңыз.


Есікті орнына қою:



1. Есікті екі шетінен ұстап тұрып, есіктің түбін топсаға сәйкестеніңіз де, есікті топсаға кигізіңіз.



2. Есік толықтай топсада тұрғанда оны топсаға бекіту үшін әр бекіткіш иінтіректі толық түсіріңіз.



### **3. МАҢЫЗДЫ!**

Есікті жауып көрмес бұрын екі иінтіректің де толық бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Есіктің шыны панельдерін тазалау үшін оларды шығарып алу

### **МАҢЫЗДЫ!**

Жоғарғы элементті түсірмес бұрын, міндетті түрде қорек бауын суыру арқылы тұмшاپешті розеткадан ажыратыңыз. Жұмысты бастар алдында тұмшاپештің толық өшкеніне көз жеткізіңіз.

- ▶ Міндетті түрде қауіпсіздік шаралары мен төменде жазылған нұсқаулықтарды сақтаңыз. Өйнектер мен есікті дұрыс орнатпау тұмшاپештің зақымдалуына және кепілдік күшінің жойылуына әкелуі мүмкін.
- ▶ Сақ болыңыз, тұмшاپештің есігі ауыр (11 кг). Егер күдігіңіз болса, есікті алуға тырыспаңыз.
- ▶ Тұмшاپеш пен оның барлық бөлшектерінің суығанына көз жеткізіңіз. Ыстық тұмшاپештің бөліктеріне қол тигізуге тырыспаңыз.
- ▶ Шыны панельдерді ұстағанда аса сақ болыңыз. Шынының бұрыштары мен шеттерін басқа беттерге соғып алмаңыз. Шыны сынуы мүмкін.
- ▶ Өйнек беттерді тазалау үшін, тұмшاپешті тазалауға арналған және басқа қатты немесе абразивті тазалағыш құралдар, зімпара қабығын, қырғыш немесе сымды жөкелер пайдаланбаңыз. Олар шыныны сырып, арнайы жабынын зақымдауы мүмкін, бұл өз кезегінде оның шытынап, бүлінуіне әкеледі.
- ▶ Шыны панельдің зақымдану белгілері (мысалы, сынықтар немесе жарықтар) табылса, пешті пайдаланбаңыз. Авторланған сервистік орталыққа немесе клиенттерге қызмет көрсету бөліміне қоңырау шалыңыз.
- ▶ Барлық шыны панельді ауыстыру дұрыс орындалғанына көз жеткізіңіз. Өйнек панельдер орнына тиісінше орнатылғанша тұмшاپешті пайдаланбаңыз.
- ▶ Егер шыны панельдерді алу немесе ауыстыру қиын болса, оларды алуға күш салмаңыз. Авторланған сервистік орталыққа немесе клиенттерге қызмет көрсету бөліміне қоңырау шалыңыз.


Ескертпелер: Кепілдік тұмшاپешті пайдалану немесе оған қызмет көрсету бойынша көмек көрсететін мамандардың баруына қолданылмайды.

Өйнек тазалауды жеңілдету үшін, есікті шешіп алған дұрыс болады. Нұсқаулықтар “Тұмшاپештің есігін алу және қайта орнату” бөлімінде жазылған. Есікті алған соң оны жұмсақ, таза, тегіс бетке қойыңыз.

Міндетті түрде қауіпсіздік шаралары мен төменде жазылған нұсқаулықтарды мұқият сақтаңыз. Өйнектер мен есікті дұрыс орнатпау тұмшاپештің зақымдалуына және кепілдік күшінің жойылуына әкелуі мүмкін.


### Ішкі панельді алу

1. Есіктің екі шетіндегі таяныш төңесін басыңыз.
2. Әйнек таянышын дөңестер жоғарғы саңылауға орын ауыстырғанша көтеріңіз.
3. Ішкі әйнектің жоғарғы бөлігінен ұстап тұрып, әйнек есіктің төмен жағындағы қысқыштан босағанша ақырын тартыңыз, содан кейін көтеріңіз. Әйнекті тым қатты еңкейтпеңіз, оны зақымдап алуыңыз мүмкін.



### Ортаңғы панельді алу

4. Есіктің екі шетіндегі таяныш төңесін басыңыз. Содан кейін әйнек таянышын толық тартуға болады.
5. Ортаңғы панельді есіктің төменгі бөлігіндегі қысқыштан босағанша есіктің жоғарғы жағына қарай ақырын тартыңыз.
6. Панельді көтеріңіз. Панельдің жоғарғы бұрыштарындағы резеңке таяныштар әйнекке бекітулі күйінде қалады.



Тазалап болған соң есіктің әйнек панельдерін орнына қойыңыз.


Әйнек панельдерді ауыстырғанда мыналарға көз жеткізіңіз:

- ▶ сіз ішкі панельді суретте көрсетілгендей етіп орнаттыңыз. Панельдің есікке дұрыс қойылуын және тұмшашештің қауіпсіз әрі дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, бұл панель төменде сипатталғандай қалыпта болуы керек.
- ▶ әйнек шеттерінің басқа затқа немесе бетке ұрылуын болдырмас үшін, сақтық шаралары сақталды. Панельді орнына қою үшін, қатты күш салмаңыз. Панельдерді орнату барысында қиындық туындаған жағдайда оларды алып, процесті қайта бастаңыз. Егер бұрынғыдай көмектеспесе, Клиенттерді қолдау орталығына жүгініңіз.

Ортаңғы панельді орнату

Панельдің дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз (есіктің төменгі жағындағы ескерту жақсы оқылуы керек)

1. Резеңке таяныштар бұрынғыдай панельдің жоғарғы бұрыштарына бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
2. Панельдің төменгі жиегін есіктің төменгі жағындағы төменгі ойыққа салыңыз.
3. Панельді есікке түсіріңіз, резеңке тіректер сыртқы әйнекке тіреледі



Ішкі панельді орнату

Панельдің дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз

(яғни, есіктің төменгі жағында логотип көрінуі керек)


4. Панельді есіктің төменгі жағында орналасқан ойыққа салыңыз.

5. Панельді есіктің жоғарғы жағындағы қысқышқа түсіріңіз.

6. Әйнек таяныштарын қайта орнына қойып, олардың орнына берік бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

### **МАҢЫЗДЫ!**

Әйнек таяныштар орнына дұрыс қойылғанына, ал әйнек панель сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.



## Пеш шамдарын ауыстыру

Ескертпе: Тұмшапештің шамдарын ауыстыру кепілдікке кірмейді.

Жарықтандыру шамы тұмшапештің төбесінде, центр бойынша алдыңғы бөлігінде орналасқан.

Кейбір модельде қуаты 25 Вт, 220–240 В, 50 Гц-ке шақталған галогенді G9 шамдары қолданылады.

Ауыстыратын шамды жұмсақ шүберекпен ұстаңыз. Шамды қолмен ұстау оның қызмет ету мерзімін қысқартады.

### Шамды ауыстыру

1. Шамды ауыстырмас бұрын пештің қуысы мен грильдің қыздыру элементі толығымен салқындауы керек.

### **МАҢЫЗДЫ!**

Жалғастырмас бұрын, айырды розеткадан шығарып, пешті ажыратыңыз.


2. Қорғаныш қақпағын сағат тіліне қарсы бұрап алыңыз.

3. Істен шыққан галогенді шамды абайлап шығарып алыңыз.

4. Жаңа шамды абайлап орнатыңыз.

5. Қорғаныш қақпағын сағат тілі бойынша бұрап, оны бұрап кіргізіңіз.

6. Тұмшапешті қайта қосып, уақытты орнатыңыз (нұсқаулықтар “Алғаш қосу” бөлімінде жазылған).



# АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Ақауларды іздеу және оларды жою кестесі

Ақау пайда болған жағдайда оны жою қолыңыздан келетін-келмейтінін төмендегі кесте арқылы тексеріңіз. Егер мәселені шешу мүмкін болмаса немесе ақау жойылмаса, авторланған сервистік орталыққа немесе клиенттерге қызмет көрсету бөліміне жүгініңіз.

АҚАУЛЫҚ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕПТЕР	ЖОЮ
Негізгі ақаулар		
Тұмшапеш жұмыс істемейді.	Қуат көзі жоқ.	Электр розеткасының (қабырғалық) қосулы екенін, сақтандырғыштардың бүтін екенін және сіздің аймағыңызда электр қуаты өшпегенін тексеріңіз.
Пеш қызған кезде индикаторлар жанбайды.	Тұмшапештің шамы (-дары) күйіп кеткен.	Шам (-дар)ды ауыстырыңыз. Нұсқаулықтарды “Тазалау және күтім” бөлімінен қараңыз.
Тұмшапеш қызбайды.	Есік дұрыс жабылмаған немесе ас дайындау кезінде тым жиі ашылады.	Есік ашылғанда, қыздыратын элементтер өшіп қалады. Есік нығыз жабылғанына көз жеткізіңіз және ас әзірлегенде оны жиі ашпаңыз.
Тұмшапеш есігінің әйнегі шытынаған, жарылған немесе сынған.	Дұрыс тазаламау немесе әйнектің шетін басқа затқа соғу.	Тұмшапешті пайдаланбаңыз. Авторланған сервистік орталыққа немесе клиенттерге қызмет көрсету бөліміне қоңырау шалыңыз.

АҚАУЛЫҚ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕПТЕР	ЖОЮ
Негізгі ақаулар		
<p>Пешті қосқаннан кейін желдеткіш саңылаулардан ыстық ауаның шығуы сезіледі.</p>	<p>Бұл қалыпты жағдай.</p>	<p>Қауіпсіздік үшін салқындататын желдеткіштер тұмшاپеш өшкеннен кейін де жұмысын жалғастырады. Пеш салқындаған кезде желдеткіштер автоматты түрде өшеді.</p>



# КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

## Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы мына мекенжай бойынша орналасқан: Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park, Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, Қытай, Сізге таңдауыңыз үшін алғыс айтады білдіреді және пайдалану ережелерін ұстаған кезде осы бұйымның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс атқаратындығына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалану үшін арналған тұрмыстық бұйымның жұмысқа жарамды ресми мерзімі: бұйым кесімді тұтынушыға табысталған күннен бастап теледидарларға, микротолқынды пештер — 5 жыл, планшеттік компьютерлерге, ноутбуктерге және теледидарлық приставкаларға — 3 жыл, шаңсорғыштарға — 4 жыл, ұялы телефондар мен гирокүтерлерге — 2 жыл, қалған тауарларға — 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын ескере отырып, нақты пайдалану мерзімі айтарлықтай ресми мерзімнен артық болуы мүмкін. Қызмет ету мерзімін ақталғаннан кейін профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін және ұсынымдар алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуіңізді сұраймыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып өндірілген және техникалық талаптардың сәйкестілігіне арналған тиісті сертификаттауды өткен.

Түсіністікке жол бермеу үшін Сізден сатып алған кезде пайдалану жөніндегі нұсқаулықты, кепілдікті міндеттемелердің шарттарын зейін қойып оқып шығуыңызды сұраймыз. Осы бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер Сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және іске қосуды талап еткен болса, Сізге Haier-дің Авторландырылған серіктесіне жүгінуі қажетті уақытта ұсынамыз.

Осы кепілдік талонымен Haier корпорациясы бұйымның ақаулары анықталған жағдайда қолданыстағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамамен, басқа нормативтік актілермен белгіленген тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдағанын растайды. Бірақ Haier корпорациясы төменде аталған шарттарды сақтамаған жағдайда кепілдікті де, сондай-ақ сервистік қызмет көрсетуден де бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

## Кепілдікті және сервистік қызмет көрсетудің шарттары

Haier корпорациясы тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 12 ай кепілдікті мерзімді белгілейді және тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 36 ай ішінде қосымша сервистік қызмет көрсетеді. Ұйымды түсіністікке жол бермеу үшін бұйымды сақтан кезде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар чегі, кассалық чек, пайдалану жөніндегі нұсқаулық) қолдану мерзімі ішінде сақтаңыз. Бұйымға қосымша сервистік қызмет көрсету – Өндірушінің кінісінен туындаған бұйымның ақауларын жою тұтынушы үшін тегін. Бұл қызмет бұйым иесі тауар және кассалық чектерін, бұйымды сатып алу дерегін растаушы басқа құжаттарды көрсеткен кезде ғана көрсетіледі.

Кепілдікті сервистік қызмет көрсету ерекше Haier-дің Авторландырылған серіктестерімен ғана көрсетіледі. Авторландырылған серіктестердің толық тізбесін Сіз Haier ақпараттық орталығынан мына телефондар бойынша біле аласыз:

**8-800-250-43-05** — Ресей тұтынушыларына арналған (Ресей өңірлерінен қонырау шалу тегін)  
**7-727-233-30-00/ моб. 3210** — «Сервис Маг» ЖШС (050016, Алматы қаласы, Сұйынбай даңғылы, 38А)  
**7-727-397-75-75** — «Ascon-7» ЖШС (050010, Алматы қ., Сағадат Нұрмағамбетов к-сі, 25)

немесе [www.haier-europe.com](http://www.haier-europe.com) сайтында немесе [help@haieronline.ru](mailto:help@haieronline.ru) электрондық поштасында.

Авторландырылған серіктестердің деректері өзгертілуі мүмкін, анықтама алу үшін Haier ақпараттық орталығына жүгініңіз.

## Кепілдікті және қосымша қызмет көрсету ақаулары келесі салдарынан туындаған бұйымдарға таратылмайды:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзу;
- бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе іске қосу;
- тоназыту контурлармен және электрлік қосылыстармен жұмыс технологияларын бұзу, сондай-ақ бұйымды монтаждау үшін құжаттармен расталған, тиісті біліктілігі болмаған техникаларды тарту;
- Бұйымның пайдалану жөніндегі нұсқаулық талап еткен техникалық қызмет көрсету мерзімде болмауы;
- сұқұбыр желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысым;
- бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды қолдану, сондай-ақ жуғыш құралдардың мөлшерлемесін асып кету;
- бұйымды тағайындалмаған мақсаттарында пайдалану;
- үшінші тұлғалардың әрекеттері: үкіл етілмеген тұлғалармен жөндеу немесе өндірушімен санкцияланбаған құрылымдық немесе сұлбалық техникалық өзгерістерді енгізу;
- Стандарттардан және желілерді қуаттаушы нормалардан ауытқу;
- еңсерілмейтін күштердің әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т.б.);
- жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
- егер бұйым ішіне бөгде заттар, сұйықтықтар, жәндіктер, жәндіктердің тіршілік ету өнімдері түскеннен ақуалар анықталған болса;
- су жылытқыштың сумен толтырылмаған / толық толтырылмаған бөгіс қосу салдарынан термодинамикалық іске қосылуы.

## Кепілдікті және қосымша қызмет көрсету келесі жұмыс түрлеріне таратылмайды:

- бұйымды пайдалану жерінде орнату және іске қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқалама және кеңес беру;
- бұйымды сырттан немесе ішінен тазарту.

## Төменде аталған шығыс материалдар мен аксессуарлар кепілдікті және қосымша қызмет көрсетуге жатпайды:

- желдеткіштерге арналған сүзгілер;
- кір жуғыш / ыдыс жуғыш машиналар үшін суды жеткізуге / ағызуға арналған сүзгілер, құбыршектер;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, қондырмалар, шаңжинағыштар;
- қысқа толқынды пештерге арналған тәрелкелер, істіктер, ыдыстар мен тіреуіштер;
- сүзгілер, иісті сіңіргіштер, ләмпішкелер, сөрелер, жәшіктер, тіреуіштер және тағамдарды тоназытқышта сақтауға арналған өзге сыйымдылықтар;
- басқару пульттері, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері, сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қоса берілетін құжаттама.

Бұйымға мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыру және т.б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша төлеу арқылы жүргізіледі.

**Маңызды!** Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндірушіге аспапты сәйкестендіру мүмкіндігін бермейді және осы салдарынан оған қызмет көрсету мүмкіндігі болмайды. Аспапта зауыттық сәйкестендіруші маңдайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық маңдайшаларының зақымдалуы немесе болмауы кепілдікті міндеттемелерден бас тартудың себебі болуы мүмкін.

\* қосымша сервистік қызмет көрсету электрлік су жылытқыштарға, қысқа толқынды пештерге, HRB-331 модельді тоназытқыштарға, мұздаққыштарға, газ плиталарына, шаңсорғыштарға, робот-шаңсорғыштарға, теледидарларға, теледидарлық приставкаларға, планшеттік компьютерлерге, ноутбуктерге, ұялы телефондарға, гирокүтерлерге таралмайды.

Клиенттерді қолдау қызметі

Haier компаниясының тұтынушыларға қолдау көрсету қызметіне, сондай-ақ түпнұсқалық қосалқы бөлшектерді пайдалануға кеңес береміз. Егер сіздің тұрмыстық техникамен қиындықтарыңыз болса, алдымен «Ақауларды жою» бөлімін оқып шығыңыз.

Егер де сіз проблемаңыздың шешімін таба алмаған болсаңыз, мынаған жүгініңіз:

— біздің ресми дилерімізге немесе

— колл-орталыққа қоңырау шалыңыз:

8-800-250-43-05 (РФ),

— [www.haier-europe.com](http://www.haier-europe.com) сайтына кіріңіз, онда сіз қызмет көрсету туралы сұрау жібере аласыз және жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Қызмет көрсету орталығына хабарласқан кезде, төмендегі ақпаратты дайындаңыз, ол сіз төлтеушінің атына және тексеруге болады:

Үлгісі \_\_\_\_\_

Сериялық нөмірі \_\_\_\_\_

Сатылған күні \_\_\_\_\_



Сонымен қатар, кепілдігінің және сатылғаны туралы құжаттардың болуын тексеріңіз.

Маңызды! Құралда сериялық нөмірінің болмауы өндіруші үшін құралды сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдік қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді.

Құралдан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз бір өзгерістердің енгізілуі мүмкін.

Өндіруші бұдан әрі ескертусіз бұйымның дизайны мен жабдықтарына өзгерістер енгізуге құқылы.

Энергия тиімділігі класы - А;

Таза салмағы - 38 кг;

Брутто салмағы - 42 кг;

# Haier

Изготовитель: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.» Адрес: Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Өндіруші: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.» Мекенжайы: Рум S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индастри парк Хай-тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Уполномоченная организация / Импортер: ООО «ХАР» Адрес: 121099, город Москва, Новинский бульвар, дом 8, этаж 16, офис 1601  
Тел.: 8-800-250-43-05, адрес эл. почты: info@haierrussia.ru

Импорттаушы: «ХАР» ЖШҚ  
Мекенжайы: 121099, Мәскеу қаласы, Новинский бульвары, 8-үй, 16-қабат, кеңсе 1601  
Тел.: 8-800-250-43-05, эл.поштаның мекенжайы: info@haierrussia.ru

Сделано в Китае  
Қытайда жасалған

Дата изготовления  
и гарантийный срок указаны  
на этикетке устройства

Шығарылған күні және  
кепілдік мерзімі  
құрылғының заттаңбасында  
көрсетілген

The logo for the Eurasian Conformity (Eurasian Conformity) certification, consisting of the letters 'EAC' in a bold, stylized, blocky font.